

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 85 (9147) | 1953 жылғы 26 апрель Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Советтердің социалистік жарысы

Газетіміздің бүгінгі санында Қазақ ССР Министрлер Советінің «Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің 1952 жылғы республикалық социалистік жарысының қорытындылары және 1953 жылғы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы» қаулысы жарияланып отыр. Онда республиканың көптеген ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің өткен жылы социалистік жарысты қабылдаған міндеттемелерін ойдағыдай жүзеге асырып, шаруашылық және мәдени құрылысты өркендету ісіне зор үлес қосқандары атап көрсетілді.

1952 жылғы республикалық социалистік жарыста озып шыққан үш Советке Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары мен бірінші дәрежелі сыйлықтар және мұнан басқа бірнеше Советтерге екінші, үшінші дәрежелі сыйлықтар берілді. Бұл Советтердің өткен жылы социалистік жарыста зор табысқа ие болуларының бәрі ең алдымен олардың ұйымдық-бұқаралық жұмысты тиімді жүргізулерінде, еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасап, оларды алда тұрған міндеттерді орындау күресіне белсендіре жұмылдыруларында болды.

Облысымыздың біраз ауылдық, селолық Советтері өткен жылы республикалық социалистік жарысты ұйымдастыруда біраз жұмыстар істеді. Мәселен, Чистов селолық Советі (Булаев ауданы), Преснов поселкелік Советі, Приешім, Благовещенко селолық Советтері (Преснов ауданы) еңбекшілерді сталиндік бесінші бесжылдықтың екінші жылының міндеттерін орындау күресіне жұмылдыра білді.

Бірақ, атап айту қажет облыс бойынша ауылдық, селолық Советтердің социалистік жарысты өткен жылы қанағаттанғысыз ұйымдастырылды. 1952 жылғы республикалық социалистік жарыста озып шыққандардың қатарында біздің облысымыздан бірде-бір Советтің болмауы, өткен жылы республикалық жарыстың инициаторы болған Тоқшын селолық Советінен Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары мен бірінші дәрежелі сыйлықтар

поселкелік Советтерінің 1953 жылғы социалистік жарысын ұйымдастыру туралы қаулы алып, бұл жарыстың шарттарын белгіледі. Республикалық социалистік жарыстың шарттары колхоздар мен совхоздардың көктемгі егісті ойдағыдай өткізу, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, қоғамдық мал шаруашылығын оңай әрі өркендету, оның өнімділігін арттыра беру, колхоздар мен совхоздардың мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау, қоғамдық дәулетті оңай әрі өркендету және халықтың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді барынша жақсарту беру мақсаттарына көзделді.

Жергілікті Советтердің айбынды міндеті — республикалық социалистік жарысты Қазақ ССР Министрлер Советінің қойған талаптарына сай ұйымдастыру болып табылады. Бұл үшін ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің атқомдері осы жылғы 10 майға дейін Қазақ ССР Үкіметінің республикалық социалистік жарысты ұйымдастыру және оның шарттары жөніндегі қаулысын депутаттар мен активтерге, еңбекшілер бұқарасына кеңінен түсіндіріп, колхоздар мен совхоздардың алдында тұрған шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы міндеттерді толық және асыра орындауды қамтамасыз ететіндей, демек, жарыс шарттарына сай міндеттемелер қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Совет атқомдерінің мәжілістерінде, Советтердің сессияларында, колхозшылардың, жұмысшылардың жыйналыстарында өткен жылы социалистік жарысты ұйымдастыруда орын алған елеулі кемшіліктер қатан сыналып, олар кемшіліктердің былай қайталанбауына жетісу қажет. Бұл мақсатқа Советтердің жұмысы жөнінде сын мен өзара сынды мейлінше кеңінен өрістеткен күнде ғана жетісе аламыз.

Міндеттеме қабылдаумен іс бітпейді. Ауылдық, селолық, поселкелік Советтер социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын үнемі тексеріп, істе кездескен кемшіліктерді дереу жою

Май мерекесі қарсаңында

Бір сменада 400 процент

Бір күні 70 цилиндр блоктерін жасау керек болды. Цех бастығы мұны хонинговщик Бердюковқа тапсырды.

...Таңертеңгі сағат 8. Василий станоктің жұмыс үстінде қажалудан тез тозатын бағыт беруші стаканын, валын ауыстырып майлады да, 8 сағатқа толық жететін 200 килограмм керосин құйып алып, жұмысқа кірісті.

Хонингов станогінің темірбұрғысы электр қуатымен қандай шапшаң айналса, Василийдің қолының қыймылы да сондай жылдам. Өз ісінің маманы, еңбек сүйгіш уақытты өнімді пайдалануда.

Цилиндр блоктері бұрғыланып шығып жатыр. Әпсәтте-ақ үлкен столдың үстіне соңғы операциядан өткен дайын блоктер тізіле бастады.

Күндізгі сағат 12. Жұмысшылардың түскі демалысы. Цех бастығы Поворотьев Василийдің станогінің жанына келіп, үлкен столдың үстіндегі дайын блоктерді санауға кірісті.

4 сағаттың ішінде 25 блок.
—Аздау... Тым болмаса 30 болғанда жақсы болар еді, — деді цех бастығы.

Сергей Степанович 15 блокты құрастыру цехына тапсырды. Ол түстен кейін тағы 40 блок бұрғылап шығарды.

Кешкі сағат 5-те жас хонинговщик Василий Бердюковтың сегіз сағат жұмыс күні ішінде 90 цилиндр блогін бұрғылап, сменалық нормасын 400 процент орындағандығы туралы хабар заводтың участогінен участогіне, цехынан цехына лезде тарайды.

Механикалық цехтың ішіне:
—Бір күнде 90 блок дайындап, сменалық тапсырмасын 400 процент орындаған өндіріс озаты Бердюковқа сәлем, деген жазу ілінді.

Достары мен жолдастары Василийді еңбекте қол жеткен тамаша табыстарымен құттықтады.

* * *

Өзінің туған жеріне Совет Армиясының қатарынан оралған Василий

Егіс жұмыстары әрі тез, әрі сапалы жүргізілсін

Жер жырты, тырмалау және тұқым себу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізу керек

Совет ауданындағы жайбарақаттық

Өткен жылы Совет ауданының көп колхоздары, МТС-тері мен совхоздары егіске әзірліксіз кіріскен болатын. Сөйтіп, аудан бойынша егіс мерзімі кешіргісіз ұзаққа созылған-ды. Оның үстіне жекелеген колхоздарда агротехникалық ережелерді өрескел бұрмалау фактілері де болды. Осындай елеулі кемшіліктердің болуынан ауданның көп колхоздары мен совхоздарында егін өнімі төмен болды.

Өткен жылғы осы сыяқты төзгісіз жағдайдан ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары быйыл тиісті қорытынды шығарды ма? Жоқ. Ауданның көптеген колхоздары мен МТС-тері быйыл тағы да егіске тиісті әзірлікпен кіріспеді. Рас, бірсыпыра колхоздар мен совхоздар дала жұмыстарына 17—18 апрельден бастап шығып, егістік жерді тырмалау жұмыстарына кірісті. Бірақ, бұл жұмыс барлық жерде бірдей ұйымдасқан түрде басталмады. Киров атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы», «Екіндік», «Красный полтавец» тағы басқа колхоздарда егістік жерді тырмалау жұмыстары кеш, 20—21 апрельде басталды. Соның өзінде де бұл колхоздарда жұмыстың қарқыны өте баяу болып келеді. «Красный полтавец» колхозының председатели Кривоногов жолдас егіс жұмыстарын ұйымдастырып, басқарудың орнына өз жайымен жүрді, ішкілікке салынды.

Үстіміздегі жылы ауданда егіс көлемінің 90 процентке жуығы техника күшімен жұмысталуға тиіс. Олай болса, егіс жұмысына барлық тракторлардың алдын-ала әзір болуы қажет еді. Аудан басшылары, әсіресе, МТС басшылары бұл жағдайды жете ескермеді. 23 апрельге дейін Сартомар МТС-де (директоры Величко жолдас) 11 трактор, Совет МТС-інде (директоры Лымарь жолдас) 8 трактор жөндеуден өткізілмей, МТС мастерскойында тұрды. Бұл тракторлардың көпшілігі ең қуатты, шынжыр табанды тракторлар. Аталған МТС-терде жөндеуден өткізілмеген тракторлар әлі де бар. Алайда, бұл жағдайға аудан басшылары кешіргісіз төзімдік жасап келеді.

Жұмысқа қосылды деген тракторлардың бірқатары түнгі жұмысқа лайықталмаған, демек, олар жарықпен қамтамасыз етілмеген. Мұндай жағдай тағы да Сартомар, Шағлы МТС-терінің трактор бригадаларынан кездеседі. Мәселен, Шағлы МТС-нің қамғуындағы Киров атындағы колхозда жұмыс істейтін Сидоренко жолдас басқарған трактор бригадасында 5 трактор болса, оның 3-інде жарық жоқ. Сондықтан бұл тракторлармен түнде жұмыс істе

Мұның ақыры көп жұмыс уақытының босқа өтуіне әкеліп соқты.

Тракторлардың қуатын толық пайдаланып, трактор бригадаларының өнімді жұмыс істеуі ең алдымен бригадалардың механизаторлармен жеткілікті мөлшерде толықтырылуына байланысты. Трактор бригадаларын маман кадрлармен толықтыру аудан басшыларының жете назар аудармаған мәселелерінің бірі. МТС-тердің қайсысында болса да тракторшылар жеткіліксіз. Бір Сартомар МТС-нің өзінде ғана тракторлардың екі сменада жұмыс істеуі үшін 17 тракторшы жетпейді. Мұның өзі МТС-тегі барлық трактордың 25 процентінің бір сменада ғана жұмыс істеуіне мүмкіншілік бар деген сөз.

Аудан колхоздарының көпшілігінде бау-бақша, огород тұқымдарын айтағанның өзінде, дәнді дақылдар тұқымы себу дәрежесіне жеткізілмеген. Колхоз басшылары тұқымды тазалау, оны өңгіштік сапаға жеткізу мәселесіне немкетті қараған. Бұл сыяқты жауапты жұмысқа салқын қараған колхоз басшыларын аудан басшылары да кезінде көрмей, тиісті шаара қолданбаған. «Еркіндік» колхозындағы жағдай бұған толық дәлел болады. Бұл колхозда 23 апрельде 1600 центнер бидай тұқымы қарамықтан арылмағандықтан қайтадан тазалауға қойылды. Колхоз председатели Сыздықов жолдас бұл тұқымды соңғы уақытқа дейін себуге жарамды деп есептеп келген. Тұқым дайындаудағы осы сыяқты елеулі кемшіліктер «Совет», Ырор атындағы колхоздарда да бар.

Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда көктемгі егіс жұмыстарын өткізудің жоспарын жасаудың зор маңызы бар екені мәлім. Ауданның жекелеген колхоздарында бұл маңызды жұмыс елеусіз қалған. «Қазақстанның 30 жылдығы» және Молотов атындағы колхоздарда жұмыс жоспары әлі жасалған жоқ. Соның салдарынан егіншілер қай күні қандай егіс участоктерін жұмыстауға тиіс екендігін, не істейтіндіктерін білмейді. Егістік жерді тырмалау, оған тұқым себу жұмыстарының арасында үлкен алшақтық та бар.

Ендігі бір кемшілік тұқым себудің барысында. Ауданның барлық колхозында дерлік дайын жер жеткілікті деуге болады. Солай бола тұрса да, тұқым себу бұл ауданда өте кеш басталды. Бұған алдымен аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Малеткин, бас агрономы Шаповалова жолдастар кінәлі. Агроном Шаповалова жолдас колхоздардың бірсыпырасының жері құрғап бара жатса да, «егістік жер әлі дегдін болған жоқ, тұқым себуге ерте» деп, соңғы күндерге

жағдайды алайық. Бұл колхоздағы егіс бригадасының бригадирі Рыдлев жолдас тұқымды кезінде жеткізу ісін ұйымдастыра алмағандықтан № 1 трактор бригадасының тұқым себуге жүрген тракторлары уақыттың көбін босқа өткізіп келді. Осы колхозда тұқымның кезінде жеткізілмеуінен 22—23 апрель күндері бір трактор босқа тұрды. Мұндай факті «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да бар. Шағлы, Сартомар МТС-терінің қамғуындағы колхоздарда трактор қуаты толық пайдаланылмай келеді. Сондықтан бұл МТС-тің трактор бригадаларының тең жартысы сменалық тапсырмаларын орындай алмай жүр. Трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыру, еңбектің өнімділігін арттыру ісімен ешкім шұғылданбайды.

Ауданның колхоздарында, МТС-терінде, совхоздарында көктемгі егіс кезінде жүргізілетін саяси-бұқаралық жұмыстың жоспары жасалған. Бірақ, сол жоспарлардың орындалуы өте нашар. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының шараларын белгілеу, бұл жұмыс жөнінде жасалған жоспарды бекітумен ғана тынып, олардың орындалуына нақтылы басшылық етпей келеді.

Ауданда алдыңғы қатарлы егіншілер жоқ деуге болмайды. «Путь 12 лет октября» колхозындағы облыстық Советтің депутаты, трактор бригадасының бригадирі Глушико жолдас басқарған бригада мен «Көктерек» колхозындағы Шерінов жолдас басқарған бригадада механизаторлардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылған. Бұл бригадаларда саяси-бұқаралық жұмыстар пәрменді жүргізілуде. Механизаторлар еңбек өнімділігін арттыру жөнінде өзара социалистік жарысқа түскен. Мәдениет қосы ұран, плакат, портреттермен безендірілген. Оларда еңбек өнімділігін арттыру күресі күннен-күнге қыза түсуде. Егістік жерді тырмалау, қоректендіру, тұқым себу жұмыстары сапалы, агротехникалық шараларға толық сай жүргізіледі. Сменалық тапсырмаларын орындамайтын тракторшылар жоқ. Бірақ, осылар сыяқты оңаттардың іс тәжірибесі ауданда көпшіліктің игілігіне айналдырылмай отыр.

Агрономдар егіннен тұрақты және мол өнім алу күресін ұйымдастырушы болуға тиіс. Олардың творчестволық жұмыстары колхоздарда, совхоздарда, егіс бригадаларында орындалуы керек. Совет ауданында агрономдар оңдан саналады. Амал не, осыншалықты күш дұрыс пайдаланылмай отыр. Аудандық ауылшаруашылық бөлімнің агрономдары учаскелік агрономдарға нақтылы басшылық етпейді.

ледейді. Көптеген ауылдық, селолық, поселкелік Советтер социалистік жарысқа формальді түрде ғана ұштасып, жарыс шартының орындалуын ойдағыдай ұйымдастырмады. Бұл жұмыста Советтердің аткомдері депутаттар мен активтердің күшін толық пайдаланбады. Мысалы, Октябрь ауданындағы Ленин ауылдық Советі мен Совет ауданындағы Молотов ауылдық Советі аткомдері жыл бойы аткомнің мәжілісінде немесе Советтің сессиясында социалистік жарыстың барысы жөнінде мәселе қарауды қажет деп таппады. Тоқшын селолық Советі аткомнің бұрынғы председатели Федянин маскүнемдікке салынып, басшы совет қызметінің қасиетіне кір келтірді. Осы және басқа да кемшіліктердің кездесуі өткен жылы республикалық социалистік жарыс шарттарының орындалмауына немесе бұл шарттарды орындау көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеп соқты.

Сонымен қатар бұл кемшіліктерге аудандық Совет аткомдерінің әсері, Полудень, Совет, Ленин аудандық Совет аткомдерінің ортақ екенін айтпауға болмайды. Өйткені, олар ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің социалистік жарысына үстірт басшылық жасап, қажетті көмек көрсетпеді. Советтердің социалистік жарысына басшылық жасаудан бойды аулақ салуға болмайды. Мұны әрқашан есте ұстау қажет.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық,

ұйымдық-бұқаралық жұмысты мейлінше жақсарту жолымен әрбір депутат пен активтің еңбекшілерді социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындау күресіне белсендіре жұмылдыруына жетісуі қажет.

Социалистік жарыстың барысын тиісті мерзімдерде қарап, оның қорытындысын шығарып отыру керек. Міндеттемелердің орындалуы көрсеткіш тақталары мен қабырға газеттерінде, жауынгерлік листоктар да үнемі хабарланумен бірге, озаттардың жұмыс тәжірибелері кеңінен насихатталып, артта қалушылар қатаң сыналатын болсын.

Советтердің социалистік жарысының ойдағыдай ұйымдастырылуы, оның нәтижелі болуы аудандық Совет аткомдерінің басшылығы мен көмегіне тікелей байланысты. Аудандық Совет аткомдерінің председателдері мен олардың орынбасарлары социалистік жарыс мәселесіне немқетті қарамай, оны тікелей өз қолдарына алуға тиіс. Олар ауылдық, селолық, поселкелік Советтерге социалистік жарысты пәрменді ұйымдастыру жөнінде үнемі қолма-қол көмек көрсетіп отырулары керек. Осылай болған күнде ғана жұмыстың табысты болуына жетісе аламыз.

1953 жылы Советтердің республикалық социалистік жарысын өскелең талаптар дәрежесіне сай ұйымдастырып, облысымыздың шаруашылық және мәдени құрылыс саласында жаңа зор табыстарға жете берейік.

Совет Одағының Маршалы С. М. БУДЕННЫЙДЫ ЛЕНИН орденімен награптау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Совет одағының Маршалы С. М. Буденныйдың туғанына 70 жыл толуымен баянаты және оның Совет мемлекеті алдындағы аса көрнекті әскери еңбегін ескере отырып, Семен Михайлович БУДЕННЫЙ жолдас ЛЕНИН орденімен наградалсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

13-апрель, 1953 жыл.

Еліміздің егіс даласында

СТАВРОПОЛЬ, 24 апрель. (СОТА). Өлінің аудандарының көпшілігінде кешенді-бүгінді жауын болып өтті. Күздік бидай көтеріле бастады. Либкнехт, Ново-Александровка, Молотов және басқа аудандардың колхоздарында үстеп қоректендіру жоспары артығымен орындалды.

ПЕТРОЗАВОДСК, 24 апрель. (СОТА). Карел-Фин ССР-інде нөсерлі жауындардан кейін күн жылынды. Егіс далаларындағы артық қар суын ағызып жібергеннен және күздік дақылдарды органи-

калық, минералдық тыңайтқыштармен үстеп қоректендіргеннен кейін колхозшылар көпжылдық шөптер егуде, күздікті тырмалауда. Көптеген колхоздар жаздық дақыл егуге кірісті.

орындап шықты. Жаздық бидайдың, сұлының және арпаның егіс көлемі ұлғайтылды. Жоспардан тыс егіс егу жүргізіліп жатыр.

КАЛИНИНГРАД, 24 апрель. (СОТА). Бүгін өткен жылдардағыдан 18 күн бұрын Калининград облысы дәнді және бұрпақ дақылдары егісінің жоспарын

Бердюков шағын двигательдер зауытына жұмысқа орналасты. Табандылық пен ізденуің нәтижесінде көп кешікпей ол заводтағы таңдаулы стахановшылардың қатарына қосылды.

Еңбекте қол жеткен табыстары үшін Василий көптеген сыйлықтар алды. Машина құрылысы Министрлігінің құрмет грамотасымен наградалды. Оның есімі заводтың құрмет кітабына жазылған.

Еңбек озаты Василий Бердюков бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындап, қазір 1956 жылдың есебіне еңбек етіп жүр.

Ленин—Сталин партиясының ісіне шексіз берілген патриот Василий Бердюков елімізде коммунизм орнату ісіне өзінің еңбегімен келелі үлес қоса беру жолында бұдан былай да еңбек қарқынын еселеп арттыра береді. Қазір мереке қарсаңындағы күндерде ол еңбек қарқынын үдете түсуде.

Ж. ВИТЕБАЕВ.

Жарыстың озаттары

Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс күнінен күнге өрістей түсуде. Петропавлдың өнеркәсіп, транспорт және құрылыс кәсіпорындары, олардағы цехтар мен бригадалардың коллективтері мереке құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруда.

Мұндай игі күрес күндерінде тігін фабрикасы, нан комбинаты, «Главмука» завод басқармасы, шойын құю-таразы зауыты сияқты ірі кәсіпорындарымен қатар Сталин атындағы, «Екпінді», «Молот» кәсіпшілік артельдерінің коллективтері де графика алде қайда асыра орындап келеді.

Атап айта кету қажет, кәсіпорындары коллективтерінің мұндай табыстарға жетуіне мереке құрметіндегі жарыстың озаттары—таңдаулы стахановшылар өздерінің үлестерін қосуда. Мәселен, шойын құю-таразы зауытының үлгі жасаушысы Жүзенов жолдас әрбір смена сайын тағайындалған тапсырманы екі—екіжарым есе артығымен орындауға жетісіп жүр. Сол сияқты, шағын двигательдер зауытының ұстасы Лахтин, аға машинист Слюнько, тігін фабрикасының стахановшы тігіншісі Гашенкова жолдасар да алған міндеттемелерінің өзін асыра орындап, бүкіл коллективтің игілікті күресіне келелі үлес қосуда.

Бұл күндері кәсіпорындары коллективтерінің алдына қойып отырған негізгі міндеті—мереке құрметіндегі жарыс туын онан сайын жоғары көтеріп, Отан игілігі үшін еңбек майданында жаңа табыстарға жету. Солай болады да. Оған кәсіпорындары коллективтерінің еңбек және саяси зор өрлеуі кепіл.

М. ГЛЕБОВ.

Тракторлардың қуатын толық пайдаланудың, олардың күндіз-түні бірдей жұмыс істеуін қамтамасыз етудің зор маңызы бар екендігін МТС басшылары ескермей отыр.

Тракторлардың техникалық күтімін жақсарту мәселесіне жеткілікті назар аудармаушылық, бұл іске жауапсыздықпен қараушылық фактілері де бар. Киров атындағы колхоздағы тракторшы А. Павлюк жолдас № 1 «СТЗ» тракторының суын кезінде ағызбай, радиотордың қатып қалуына жол берген. Сөйтіп, бұл трактор 20—21 апрель күндері егіс басында босқа тұрған. МТС-тің көшпелі мастерскойы колхоздарда жиі болып тұрмайды. Соның салдарынан бұл трактордың радиоторы жөндеуге МТС-ке жіберуге тура келді.

Міндеттемені орындау күресі

Преснов МТС-нің Зогрочов жолдас басқарған № 11 трактор бригадасының механикаторлары Ворошилов атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейді. СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы Бірінші майға арнаған Ұрандарымен жігерленген олар көктемгі егісті табысты аяқтау үшін табандылықпен күресуде.

Тракторшы Руденко жолдас социалистік жарыста алда келеді. Ол көмекшісімен быйылғы жылы жұмсақ жерге шаққанда 3150 гектар жер жұмыстауға серт берген еді. Қазір осы сертін мінсіз жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етіп жүр. Руденко жолдас басқарған агрегат смена сайын тапсырманы асыра орындайды. Көмекшісі екеуі 3 күн ішінде 450 гектар егістік жер тырмалады.

Бригада дәнді дақылдар себуге де кірісті. Тұқым себуге тракторшылар Брежа және Потехин жолдасар үлгілі еңбегімен көзге түсуде. Олар алғашқы күні 40 гек-

тар жерге рыжик және бұршақ тұқымын сеугі. Осындай зиянды пікірдің салдарынан бірқатар колхоздар егіске агротехникалық қолайлы мерзімді пайдаланбай қалды. Ал, Малеткин жолдас агрономның осы пікірінен аса алмай, оның жетегінде қалып қойды. Ауданның және колхоздардың басшыларын да болған осы жайбарақаттықтың салдарынан 22 апрельге дейін небары 950 гектар жерге тұқым себілді. Тұқым себудің қарқыны әлі күнге дейін ойдағыдай болмай отыр.

Трактор бригадалары мен егіс бригадаларында еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Егіс бригадалары мен трактор бригадалары арасында келісіп жұмыс істеу, бір-біріне тиісті көмек көрсету өз дәрежесінде емес. Мысалға «Красное поле» колхозындағы

Куйбышев атындағы колхоздың (Приешім ауданы) егіс даласында ауылшаруашылық жұмыстары кең өріс алуда. Нетесов жолдас басқарған № 16 трактор бригадасының механикаторлары алғашқы күндерде 180 гектар зяб тырмалап, ондаған гектар жер жыртты.

Егіс жұмыстарында «ЧТЗ» тракторын жүргізушілер П. Фрезе және С. Терехов жолдасар жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Осы колхозда жұмыс істейтін № 14 және № 15 трактор бригадаларының механикаторлары да стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде. СОКП Орталық Комитетінің Бірінші майға арнаған Ұрандарымен жігерленген механикаторлар бұл күндері екі еселеген жігермен еңбек етіп, мерекеге өздерінің өндірістік тартуларын әзірлеуде.

А. ҚОЖАХМЕТОВ.

Қарқынды еңбек


Егіс жұмыстарында «ЧТЗ» тракторын жүргізушілер П. Фрезе және С. Терехов жолдасар жақсы нәтижелерге жетіп жүр.

Осы колхозда жұмыс істейтін № 14 және № 15 трактор бригадаларының механикаторлары да стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетуде. СОКП Орталық Комитетінің Бірінші майға арнаған Ұрандарымен жігерленген механикаторлар бұл күндері екі еселеген жігермен еңбек етіп, мерекеге өздерінің өндірістік тартуларын әзірлеуде.

Бригада быйыл әрбір трактормен жұмсақ жерге шаққанда 700 гектар жер жұмыстауға, көктемгі егісті қысқа мерзімде аяқтауға және егістік алаңның әрбір гектарынан 15 центнерден өнім алуға міндеттенді. Бригада мүшелері бұл күндері осы міндеттемені ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде.

Б. СӘЛМЕНОВ.

А. ҚОЖАХМЕТОВ.



Тракторшы Х. Инаркеев жолдас Полудень ауданындағы Сталин атындағы колхозда дәнді дақыл себуге күн сайын тапсырманы біржарым есе асыра орындап жүр.

СУРЕТТЕ: Х. Инаркеев жолдасының агрегатының дәнді дақыл сеуіп жүрген кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қазақ ССР Министрлер Советінде

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік Советтерінің 1952 жылғы республикалық социалистік жарысының қорытындылары және 1953 жылы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің 1952 жылғы республикалық социалистік жарысының қорытындыларын талқылап, еңбекшілер депутаттарының көптеген ауылдық, селолық және поселкелік Советтері алған міндеттемелерін жүзеге асырып, шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттерін ойдағыдай орындағанын атап көрсетті.

Алдыңғы қатарлы Советтер ұйымдық-бұқаралық жұмыс дәрежесін арттырып және өздерінің депутаттары мен еңбекшілердің көптеген активіне сүйене отырып, колхоздар мен совхоздарда барлық ауылшаруашылық жұмыстарының мезгілінде жүргізілуін, ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алынуын, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарының және мемлекетке астық, ет, сүт, жүн және егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру жоспарларының орындалуын, сол сияқты, колхоздар мен колхозшылардың заттай және ақшадай табысының артуын қамтамасыз етті.

Еңбекшілер депутаттарының көптеген ауылдық, селолық және поселкелік Советтері халықтың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге қажеттілік көрсете отырып, мектептердің, ауруханалардың, балалар яслилерінің, әйелдер босанатын үйлердің, кітапханалардың, клубтардың жұмысын жақсартты, үнемі кинокартиналар көрсетіп тұруды ұйымдастырды, жастарға дене тәрбиесін беру жұмысын күшейтті.

Мұнымен қатар, еңбекшілер депутаттарының әлі де көптеген ауылдық, селолық және поселкелік Советтері, еңбекшілерді шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттерін ойдағыдай орындауға жұмылдырудың басты құралдарының бірі болып табылатын социалистік жарысқа қанағаттанғысыз, формальді түрде басшылық етуде.

Көптеген Советтер республикалық социалистік жарысқа қосылғаннан кейін, тек міндеттемелер алумен қанағаттанды, бұл міндеттемелерді орындау жөнінде ешқандай ұйымдастырушылық жұмыс жүргізбеді. Тұрақты комиссиялар, депутаттар және еңбекшілердің қалың активі міндеттемелерді орындауға қатыстырылмады. Міндеттемелердің орындау

атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері 1952 жылы социалистік жарысқа басшылық етуге формальді түрде қарады, алынған міндеттемелерді орындау, ұйымдық-бұқаралық жұмысты жақсарту және шаруашылық, мәдениет құрылысына басшылық етуге Советтердің ролін күшейту ісінде ауылдық, селолық және поселкелік Советтерге іс жүзінде көмектеспеді.

Социалистік жарысқа басшылық етуге мұндай теріс көзқарас еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің көпшілігінің социалистік міндеттемелерді орындамауының және 1952 жылы алдыңғы қатарлы Советтердің санының мықтап азаюының басты себептерінің бірі болды.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің 1952 жылғы республикалық социалистік жарысында мына Советтерді озып келді деп таныды:

Алматы облысы, Балқаш ауданының Сарықұм Советі (председателі Иманбеков жолдас);

Талдықорған облысы, 28 гвардияның атындағы ауданының Көксу Советі (председателі Демешко жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Шеңгелді Советі (председателі Әкімбаев жолдас).

Бұл Советтерге Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары және 3000 сом мөлшерінде бірінші дәрежелі ақшадай сыйлықтар берілді.

2000 сом мөлшерінде екінші дәрежелі сыйлықтар мына Советтерге берілді: Жамбыл облысы, Көктерек ауданының Қызыл тал Советіне (председателі Кенжебеков жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданының Темір Советіне (председателі Козиева жолдас);

Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданының Интернационал Советіне (председателі Нұрқеев жолдас).

Бір мың сомнан үшінші дәрежелі сыйлықтар мына Советтерге берілді: Ақтөбе облысы, Жұрын ауданының Егіндібұлақ Советіне (председателі Шинкаренко жолдас); Жамбыл облысы, Луговой ауданының Ақтоған Советіне (председателі Рысмендиев жолдас); Жамбыл облысы, Қызыл ауданының Ақтөбе

Социалистік жарыстың шарттарын орындамаған немесе бұл шарттарды орындаудың көрсеткіштерін төмендеткен төменде аталған ауылдық, селолық және поселкелік Советтерден Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары қайтып алынды: Алматы облысы, Іле ауданының Панфилов Советі және Шелек ауданының Қаражота Советі; Ақтөбе облысы, Новоресей ауданының Болат Советі және Мартек ауданының Ново-Федоровка Советі; Батыс Қазақстан облысы, Жаныбек ауданының Ақоба Советі; Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Комсомол Советі; Қызылорда облысы, Арал ауданының Сазды Советі; Көкшетау облысы, Көкшетау ауданының Конезавод Советі; Солтүстік Қазақстан облысы, Полуден ауданының Тоқшып Советі; Семей облысы, Уржар ауданының Ақсақов Советі; Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданының Абай Советі.

Қазақ ССР Министрлер Советі төменде аталған Советтер республикалық социалистік жарыстың шарттарын орындау жөнінде жақсы жұмыс істегенін атап көрсетті: Ақтөбе облысының Феррослав поселкелік Советі, Жамбыл облысы, Шу ауданының Алға және Ескішу Советтері, Жамбыл облысы, Талас ауданының Қызылауыт Советі, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының Гродиков Советі, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Төменарық Советі, Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданының Молалы поселкелік Советі, Талдықорған облысы, Киров ауданының Киров Советі, Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданының Куджакент Советі, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданының Прогресс Советі.

1952 жылы республикалық социалистік жарыстың шарттарын орындамаған немесе бұл шарттарды орындаудың көрсеткіштерін төмендеткен төменде аталған ауылдық, селолық және поселкелік Советтерден Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары қайтып алынды: Алматы облысы, Іле ауданының Панфилов Советі және Шелек ауданының Қаражота Советі; Ақтөбе облысы, Новоресей ауданының Болат Советі және Мартек ауданының Ново-Федоровка Советі; Батыс Қазақстан облысы, Жаныбек ауданының Ақоба Советі; Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Комсомол Советі; Қызылорда облысы, Арал ауданының Сазды Советі; Көкшетау облысы, Көкшетау ауданының Конезавод Советі; Солтүстік Қазақстан облысы, Полуден ауданының Тоқшып Советі; Семей облысы, Уржар ауданының Ақсақов Советі; Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданының Абай Советі.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысын 1953 жылы оған әрі жүргізіп мұнда

1953 жылғы республикалық социалистік жарыстың шарттарын бекітті және республикалық социалистік жарыста озып келген Советтерге беру үшін Қазақ ССР Министрлер Советінің 16 ауыспалы Қызыл туын және оған қоса әрқайсысы 3000 сомнан бірінші дәрежелі ақшадай 16 сыйлық, әрқайсысы 2000 сомнан екінші дәрежелі 32 сыйлық және әрқайсысы 1000 сомнан үшінші дәрежелі 50 сыйлық белгіледі.

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының қорытындылары бойынша материалдарды облыстық атқару комитеттері мемлекеттік мекемелер қызметкерлері одағының облыстық комитеттерімен бірге Қазақ ССР Министрлер Советіне бірінші жарты жыл үшін 1953 жылғы 1 августқа, екінші жарты жыл үшін 1954 жылғы 1 февральға тапсырады.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне осы жылғы 10 майға дейін еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының шарттарын кеңінен талқылауды өткізіп, қабылданған міндеттемелердің сөзсіз орындалуын қамтамасыз ететін шараларды белгілеу ісінде Советтерге қажетті нақтылық көмек көрсету ұсынылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтеріне мынасы міндет етті:

социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындаудың барысына күнбе-күн басшылық жасалып, бақыланып отырылсын;

Советтердің жұмысында тұрақты комиссиялардың ролі күшейтілсін, депутаттар, колхоз және совхоз активі арасындағы жұмыс жақсартылсын, әрбір депутат және активист алған міндеттемелерін орындап, жеке өздерінің үлгісімен барлық колхозшыларды және совхоз жұмысшыларын 1953 жылы колхоздар мен совхоздар алдына қойылған міндеттерді орындауға жұмылдырып отыратын болсын;

еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің

жоспарын орындау жөнінде — айында бір рет;

мемлекетке сүт, ет, жүн және мал шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру міндеттемелерін орындау жөнінде — он күнде бір рет;

көктемгі егіс жоспарын орындаудың қорытындысы жөнінде — оңтүстік облыстарда 1—10 майда, солтүстік-шығыс және батыс облыстарында 20—25 майда;

колхоз бен совхоздарда мал қораларын салу жөнінде — айына бір рет;

шөп шабу және жемшөп дайындау жөнінде — он күнде бір рет;

ауылшаруашылық дақылдарының егін баптау жөнінде — он күнде бір рет; егін жыйнау және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жөнінде — он күнде бір рет;

су шаруашылығы жұмыстарының жоспарын орындау жөнінде — айында екі рет;

мәдениет құрылысы және елді пункттерді көркейту жөнінде — айында бір рет;

халықтан қаржы жыйнау және колхоздардың мемлекет алдындағы финанстық міндеттемелерін орындауы жөнінде — айына бір рет.

Жарыстың кеңінен жария жүргізілуі қамтамасыз етілсін, міндеттемелерді орындаудың барысы көрсеткіштер тақтасында, қабырға газеттерінде, жауынгерлік листоктарда, радио арқылы хабар етіліп, алдыңғы қатарлылардың табыстары көрсетіліп отырсын, алған міндеттемелерді орындауда артта қалғандар сыналып отырсын.

Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің социалистік жарысына басшылықты жақсарту, оларға социалистік міндеттемелерді орындау ісінде үнемі көмектесіп отыру, мәжілістерде жарыстың барысы туралы ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің председателдерінің, аудандық атқару комитеттері председателдерінің баяндамаларын тыңдау, онда табылған кемшіліктерді жоюға мезгілінде тиісті шараларды қолдану тапсырылды.

Бірқатар облыстарда облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері басшыларының еңбекшілер

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ ПХЕНЬЯН, 24 апрель. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясы бүгін Корея Халық армиясы белімдері мен қытай халық еріктілерінің өткен күні дұшпанның барлаушы отрядтарына қарсы майданның үш участогінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізгендігін хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит белімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 8 самолетін атып түсірді.

ФРАНЦУЗ ЕҢБЕКШІЛЕРІНИҢ ӨЗ ПРАВОЛАРЫ ҮШІН КҮРЕСІ

ПАРИЖ, 24 апрель. (СОТА). «Юманисте» газетінің хабарына қарағанда, Париж ауданындағы тұрғын үй және коммуналдық кәсіпорындарының 6 мың еңбекшісі кеше жалақыны арттыруды талап етіп, 24 сағаттық ереуіл жариялаған. Сол күні теңіз арсеналдары мен флоттың басқа да өнеркәсіп орындарында жұмысшылардың көптеген қысқа уақыттық ереуілдері болған. Тулон арсеналында 8500 жұмысшы жұмысты тоқтатқан. Брест қаласында түрлі кәсіп одақ ұйымдарының шақыруы бойынша өткізілген қысқа уақыттық ереуілдер аяқталғаннан кейін теңіз арсеналының жұмысшылары мен қызметшілері митингке жыйналып, жаппай еңбек қол федерациясының тұтқындалған басшыларын және басқа тұтқында отырған патриоттарды тез босатуды талап ететін қарар қабылдаған.

«Рено» автомобиль зауытының жұмысшылары да жалақыны арттыру үшін ұйымдасқан түрде күрес жүргізуде. Ереуілдің нәтижесінде екі цехтағы жұмыс мүлдем тоқтатылған, ал ол цехтарда 5 мыңға жуық жұмысшылар мен қызметшілер бар. Осыған байланысты кәсіпорнының өкімшілік басшылары жұмысты мүлдем тоқтатқан. Алайда, бұл жағдайға қарамастан, аталған цехтардың жұмысшылары өз орындарында қалып отыр. Газеттің хабарына қарағанда, осындай ең ірі екі цех жұмысшыларының ереуіл жариялауы бүгін завод өндірісіне хауіп төндіріп отыр.

Женевилье қаласындағы (Сена департаменті) «Шоссон» кәсіпорындарында 30 минуттік ереуіл жариялау салдарынан өкімшілік басшылар жұмысшылардың жалақысын бұрынғысынан 5 процент арттыруға мәжбүр болған. Гран-Куронн қаласындағы (томенгі Сена департаменті) «Дарбле» қағаз фабрикасының 850 еңбекшісі жалақының сағатына 11—17 франк арттырылуына жетіскен. Сол сияқты, Париждегі «Милле-Фурнери» электротехникалық кәсіпорнының жұмысшылары да жеңіске ие бол-

дуын тексеру және өзара тексеру жұмысы жүргізілмеді, социалистік жарыс мәселелері Советтердің сессияларының қарауына қойылмады. Мұның салдарынан көптеген міндеттемелер, әсіресе, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру және қоғамдық мал шаруашылығын онан сайын өркендету жөніндегі міндеттемелер орындалмады.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің социалистік жарысындағы елеулі кемшіліктер, ең алдымен, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің жарысқа мүлде қанағаттанғысыз басшылық етуінен болып отыр деп есептейді. Көптеген облыстық

ты Советіне (председателі Байғабатов жолдас); Қарағанды облысы, Ворошилов ауданының Семізбұғы Советіне (председателі Қалнақбаров жолдас); Қарағанды облысы, Тельман ауданының Ақжар Советіне (председателі Сатқоң жолдас); Қызылорда облысы, Арал ауданының Аманаткөл Советіне (председателі Нұрымбетов жолдас); Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының Қашқансу Советіне (председателі Жарылқасымов жолдас); Семей облысы, Абай ауданының Қарауыл Советіне (председателі Дайырбеков жолдас); Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданының Көктерек Советіне (председателі Сейтғалиев жолдас); Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Дарбаза Советіне (председателі Кемелов жол

Советтердің алдына аса маңызды міндеттер ретінде — колхоздар мен совхоздардың көптемі егісті ойдағыдай өткізу және ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындау және қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, су шаруашылығы құрылысын жүргізу, колхоздар мен совхоздарда мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерді орындау, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі өркендету және халықтың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту міндеттерін қоюға қаулы алды.

Қазақ ССР Министрлер Советі еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің

герінің сессияларында жарыстың барысы және алынған міндеттемелердің орындалуы туралы мәселе үнемі талқыланып отырсын, сессияларға мұқият дайындық жасалуы, сессияда алға қойылған мәселелерді талқылауға депутаттардың белсеніп қатысуы қамтамасыз етілсін, социалистік міндеттемелерді орындаудағы кемшіліктерді жоюға бағытталған қарарлар қабылданын және сессия қарарларының орындалуы үнемі бақыланып отырылсын;

жарысқа жедел басшылық ету мақсатымен, еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтері жарыстың барысын мынадай мерзімдерде қарайтын болсын:

колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету

депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің социалистік жарысына басшылық етуден бойын аулақ салуын дұрыс емес деп тауып, Қазақ ССР Министрлер Советі облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне және олардың орынбасарларына еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің жарысына өздері басшылық етуді, Советтердің председателдерінің жарысқа басшылық ету жұмысына жер-жердің өзінде нақтылы көмек көрсетуді, Советтердің ұйымдық-бұқаралық жұмысын жақсартуды, шаруашылық және мәдениет жұмысына басшылық ету ісінде олардың ролі мен жауаптылығын күшейтуді міндеттеді.

ған.

ЕГИПЕТ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ СУЭЦ КАНАЛЫ АЙМАҒЫНАН АҒЫЛШЫН ӘСКЕРЛЕРІН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ӘКЕТУДІ ТАЛАП ЕТУДЕ

КАИР, 24 апрель. (СОТА). Суэц каналы аймағынан ағылшын әскерлерін әкету мәселесі жайында таяу уақытта өткізілетін отырған ағылшын-египет келіссөздеріне байланысты египет баспасөзі көптеген мақалалар жариялады. Ол мақалалар египет жұртшылығының ағылшын әскерлерін египет жерінен тез және түгел әкетуді бірауыздан талап ететіндігін көрсетеді.

«Аль-Мусаввар» газетінің редакторы Фикри Абаза египет халқы үкіметтің «ағылшын басқыншылығын мүлдем жоюын» талап етеді деп жазады. Халық үкіметке былай деп мәлімдейді: «Біз ағылшын әскерлерінің әкетілуін керек етеміз және біз бірлесіп қорғану жоспарына байланысты туып отырған міндеттерден бос болғымыз келеді»...

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«МІНЕЗДІ ҚЫЗ»
Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Ерікті өрт сөндіру қоғамы мүшелері жөндеу және күйдегі тапсырмалар мен ұйымдан заявқалар қабылдайды. Заявқаларды жазбаша және телефон арқылы беруге болады.
АЗАМАТТАР!

Пештеріңізді жөндеуді және тазалауды кездейсоқ адамдарға сеніп тапсырмаңыздар, өйткені, сол арқылы өрт шығуына жол бересіздер. Пештердің от жүретін жолдарын үнемі тазартып тұрыңыздар. Пеш аспаптарын жөндеу керек болғанда ерікті өрт сөндіру қоғамына хабарлаңыздар.

Өрт сөндіру қоғамының адресі: Совет көшесі 93-үй. Телефон 4-74—2 звонок.

М. ӘУБӘКІРОВ.

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің 1953 жылғы республикалық социалистік жарысының шарттары

Төменде көрсетілген шарттардың орындалуын қамтамасыз еткен еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтері республикалық социалистік жарыста озып келді деп есептеледі.

1. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын малдың әрбір түлігі бойынша орындау және малдың өнімділігін арттырудың жоспарлы тапсырмаларын әрбір колхоз және совхоз бойынша орындау.

2. Мал төлдету және мал шағылыстыру науқанын ұйымшылдықпен өткізу, әрбір аналық малдан төл алып, төлді аман сақтап өсіру.

3. Биязы жүнді, жартылай биязы жүнді және жартылай қылшық жүнді қойды көбейтіп өсіру жоспарын және саулықтарды биязы жүнді қошқарлармен шағылыстыру жоспарын асыра орындау.

4. Жерді көлдетіп суару, шабындықтар мен жайылымдықтарды суландыру, құдықтар, бөгеттер және тоғандар жасау, жер суарудың жаңа жүйесіне кө-

шуге байланысты жер суару жүйесін қайта жасау жұмыстарына колхоздардың міндетті түрде қатысуы, колхоздар мен совхоздарда ирригация жүйесін және құрылыстарын күтіп ұстау, су қорларын мейлінше толық пайдалану, тұрақты жемшөп базасын жасауға және барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруға бағытталған су шаруашылығы құрылысының жоспарын сөзсіз орындау.

5. Жемшөп дайындау жоспарын белгіленген мерзімде ойдағыдай орындау, қажетті мөлшерде ауыспалы жемшөп қорын жасау және жемшөпті базаларға тасып алуды мал қыстатудың басталуына дейін аяқтау.

6. Әрбір колхозда әрбір сыйырға кемінде 7—10 тоннадан шөп сүрлеу.

7. Отар участогінде сақтық жемшөп қорын жасау, малға жақсы қоралар салу, малды суатпен қамтамасыз ету, отар участоктеріндегі колхозшылар мен совхоз жұмысшылары үшін қажетті мәдени-тұрмыс жағдайын жасау.

8. Мал қыстатуға әзірлік жұмыста-

рының бәрін белгіленген мерзімдерде ойдағыдай аяқтау.

9. Колхоздар мен совхоздарда дұрыс шөптанапты ауыспалы егісті енгізу және игеру жоспарларын орындау.

10. Әрбір колхоз бен совхозда барлық ауылшаруашылық дақылдарының көптемі егіс жоспарын қысқа мерзімдерде, агротехникалық шаралар комплексі бұлжытпай жүргізе отырып орындау.

Шөптер және тамыр жемісті дақылдардың жоспарын міндетті түрде асыра орындау.

11. Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, пар жырту және язьб айдау жоспарын орындау.

12. Жаңадан орман алқаптарын жасау және бұрынғыларын толықтыру жоспарын орындау, колхоздар мен совхоздарда орман питомниктерін жасау, өсіп келе жатқан ағаштарды сақтау шараларын қолдану.

13. МТС-термен, машина-малшаруашылық станциялары мен колхоздар

арасындағы шарттарды жұмыстың барлық түрлері бойынша белгіленген мерзімдерде орындау.

14. Мемлекетке егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының жоғары сапалы өнімінің барлық түрлерін (астық, сүт, ет, жүн және басқалары) тапсыру жоспарларын мерзімінен бұрын орындау.

15. Әрбір колхозда және кәсіпорнында өндіріс жоспарларын, кіріс-шығыс сметаларын және колхоздардың бөлінбейтін қорларына үлес бөлу жоспарларын орындау.

16. Колхоздарда, совхоздарда, колхозшылардың, МТС, машина-малшаруашылық станциясы және совхоз жұмысшыларының үй іргесіндегі участоктерінде жеміс бауын өсіруді күшейту.

17. Қаржы жыйнау жоспарларын толемнің барлық түрлерінен орындау.

18. Өндірістік орындар, жаңа электр станциялар салу жоспарларын ойдағыдай орындау, колхоздар мен кәсіпорындардың өндіріс процестерінде электр қуатын енгізу, сол сияқты, мәдени-тұр-

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозы комсомол ұйымының секретары Фахрутдинова жолдас жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсартып, оларды жаңа бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске жұмылдыруға тиіс еді. Алайда, ол идеологиялық жұмыстың негізгі саласы — жастардың саяси идеялық білімдерін арттыруға жете мән бермей келеді. Рас, ұйым жанында саяси үйірме ұйымдастырылып,

насихатшы Тырқәев жолдас тағайындалғанды. Үйірмеде 24 комсомолецтің үзбей оқуы жөнінде ұйым жыйналысында қаулы қабылданды. Бірақ, Фахрутдинова жолдас бұл қаулының жүзеге асырылуын бақыламады, қаулы қабылдаумен істі тындырды. Ал, насихатшы Тырқәев жолдас комсомол тапсырмасын орындамай келеді. Осының салдарынан үйірмеде саяси сабақ өткен емес.

Жастар саяси білімдерін арттырысы

келеді. Бірақ, ол жөнінде ойланатын не Фахрутдинова, не Тырқәев жоқ.

А. ЖҰСЫПОВ.

Ленин атындағы колхоздың № 2 бригадасында 7 комсомолец бар. Бірақ, олар ұйым жыйналысында болмайды, саяси үйірменің сабағына қатыспайды, мүшелік жарналарын уақытылы төлемейді. Оған кім кінәлі? Кінәлі адам біреу. Ол — комсомол ұйымының секретары С. Нұрмолдин

жолдас. Ұйымда есеп беру-сайлау жыйналысы болып өткені 6 ай. Міне, осы уақыттан бері комсомол ұйымының жыйналысы болмаған. Комсомолецтер М. Әбілмәжінов, М. Байқұманов, А. Қалиев, Н. Темірбеков дегендер мүшелік жарналарын 2—3 ай бойы төлемеген. Комсомолецтердің саяси сабағы өтпейді.

Нұрмолдин жолдасдың ұйым жұмысын жақсартатын уақыты жеткен жоқ па?

Қ. ТАЙНЕНОВ.

Николаевка орта мектебінде 250 ден астам комсомол мүшелері бар. Алайда, комсомол ұйымы (секретары Попов жолдас) жастар үшін саяси тақырыптарда лекциялар оқуды ұйымдастырмай келеді. Комсомолец-оқушылар партияның XIX-съезінің қарарлары, халықаралық жағдай туралы лекциялар тыңдауды талап етуде. Бірақ, әлі күнге дейін бірде-бір лекция оқылған жоқ.

М. ӘУБӘКІРОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.